

**АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ-ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНЫҢ ҚОШҚАРЛАРЫН
ӘРТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРМЕН КЕСТІРГЕННЕН KEЙІНГІ
ЕТ ӨНІМДІЛІГІНЕ БАҒА БЕРУ**

А. К. Днекешев, ветеринарлық ғылымдарының кандидаты, доцент
А. К. Кереев, магистр

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Мақалада 5-6 ай жасында ақжайық етті-жүнді тұқымының қошқарларын әртүрлі тәсілдермен кестіргеннен кейін, 10-11 ай жасында сойылғандағы ет өнімділігіне салыстырмалы түрде баға беру қарастырылған. Біздің зерттеулерімізде қошқарлардың ет өнімділігін анықтайтын көрсеткіштер негізінен сойыс алдындағы массасы, ұша массасы, ұша шығымы, ішкі майы, сойыс массасы және сойыс шығымынан құралады.

В данной статье рассмотрены сравнительная оценка мясной продуктивности при убое у 10-11 месячных баранчиков акжаикской породы, кастрированных в 5-6 месячном возрасте различными способами. Показателями определяющую мясную продуктивность у баранчиков в наших исследованиях является в основном предубойная живая масса, масса туши, выход туши, внутренний жир, убойная масса и убойный выход.

Comparative estimation of meat efficiency during the slaughter of 10-11 month young rams of akzhayk breed, castrated at 5-6 years age in different ways. Indices determining meat efficiency of young rams in our researches are pre-slaughter alive mass, carcass mass, carcass output, inside fat, slaughter mass and slaughter output.

Қой шаруашылығындағы ветеринарлық хирургияның негізгі алдын-алу шараларына бағытталған асыл тұқымдық жұмыстармен бірге қойларды жақсы бордақылау, ет өнімділігін жақсарту және көбейту мақсатындағы шаралар жатады. Сонымен бірге, күзгі уақытта асыл тұқымдық бонитировкадан соң асыл тұқымдық шаруашылықтар бордақылау мақсатында амалсыз қалдыратын қошқарларды кестіру үлкен маңызға ие.

Жануарлардың ет өнімділігін анықтайтын көрсеткіштер негізінен сойыс алдындағы массасы және ұша массасынан құралады, осыған қоса қой шаруашылығында қондылық категориясын сойыс массасы, сойыс шығымы, еттің қоректілігі және диетикалық қасиеттері анықтайды [1].

4-4,5 және 7-9 айлық жасындағы қозыларды ет үшін сойысқа жіберудің экономикалық тиімділігі жөнінде көптеген қазақстандық қой шаруашылығын зерттеуші ғалымдар айтып өтті. Олардың мәлімдеуі бойынша 4-4,5 айлық жасындағы қозыларды сойысқа жіберудің кемшіліктері бар, өйткені бір басқа есептегенде аз көлемдегі ет мөлшері алынады [2, 3, 4].

Облыстың ветеринарлық тәжірибесіндегі ветеринарлық дәрігерлер осы кезге дейін қошқарларды кестіруді өте жас кезінде 1-2 ай аралығында өткізу керектігі жөніндегі көзқарасты ұстап отыр. Осының бәрі фермерлік қой шаруашылықтарындағы жаппай кестіруді дәстүрлі түрде ашық қанды әдіс «бұрап ұзу» арқылы көктемгі мезгілде өткізілуіне негізделген. Бірақ та бұл әдіс асыл тұқымды шаруашылықтарға жарамсыз, себебі бұл шаруашылықтарда кестіру

бонитировкадан соң 4-6 ай жасында, күзгі уақытта өткізіледі, ал бұл жыл мезгілі әртүрлі асқынулардың байқалуымен сипатталады.

Соңғы он жылдықтағы отандық ғалымдардың көптеген зерттеулері мен бақылауларын негіздемесіне қарасақ, қошқарларды кестірудің перспективті тәсілдеріне қансыз (перкутанды) әдістер жатады, бұл әдістер енбауларды тері астынан арнайы кестіргіш қысқаштармен жаншу жолымен жүргізіледі [5, 6, 7].

Жоғарыда айтылғандармен бірге, біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты 5-6 ай жасында әртүрлі тәсілдермен кестірілген 10-11 ай жасындағы ақжайық қошқарларының ет өнімділігін зерттеу болды.

Тәжірибе жүргізудің материалы ретінде 5-6 ай жасындағы бонитировкадан соң, уақытынан асып қалдырылған ақжайық тұқымының 400 бас қошқары алынды. Олар салмағын өлшегеннен соң аналогтар принципі бойынша төрт топқа бөлінді, әр топта 100 бас жануардан болды. Бірінші топтың қошқарлары ендердің толық алынуымен жүретін қанды әдіспен («Занд қысқашымен» ұманы ампутациялаумен бірге) кестірілді; екінші топ қошқарларын кестіруде қанды әдіс «лигатура салу» жүргіздік; үшінші топты – кіші көлемді Burdizzo қысқашымен тері асты әдісі арқылы; төртінші топты орташа көлемді Burdizzo қысқашымен тері асты әдісі арқылы кестірдік.

Барлық топтағы қошқарлардың кестірілуі тамыз айының екінші жартысында қой жайлауда болған кезінде өткізілді. Тәжірибе 5 айға созылды.

Біздің зерттеулерде бақылау сойысын 2 рет өткіздік. Біріншісін 5-6 ай жасында, мал басын толықтыруға қалдыратын жас малдардың асыл тұқымдық бонитировкасы кезінде, аналықтарынан айырғаннан соң жүргіздік, екіншісі, уақытынан асып қалдырылған 10-11 жасындағы жануарлардың қысқы бордақылауынан соң өтті. Сойыс үшін өнімділік белгілері анық және даму деңгейі қалыпты қошқарлар алынды.

1-Кесте – Кестіру тәсіліне байланысты кестірілген қошқарлардың ұша массаларының көрсеткіштері

№	Кестіру әдісі	5-6 ай жасында кестіру алдында жаңа сойылған ұша массасы, кг			10-11 ай жасында жаңа сойылған ұша массасы, кг		
		Жануарлар саны	Lim	$\bar{x} \pm \bar{Sx}$	Жануарлар саны	Lim	$\bar{x} \pm \bar{Sx}$
1	«Занд» қысқашымен қанды әдіс	5	12-14	$12,8 \pm 0,01$	6	15-17	$15,9 \pm 0,03$
2	«лигатура салу» қанды әдіс	5	12,5-14	$13 \pm 0,06$	6	14,8-17	$15,3 \pm 0,07$
3	Кіші көлемді «Burdizzo» қысқашымен перкутандық тәсіл	5	12,2-13,7	$12,6 \pm 0,02$	6	16-18	$17,3 \pm 0,16$
4	Орташа көлемді «Burdizzo» қысқашымен перкутандық тәсіл	5	12-14	$12,4 \pm 0,05$	6	16,4-18	$17,5 \pm 0,06$
5	Бақылау тобы (кестірілмегендер)	5	12-13	$12,6 \pm 0,01$	6	16,2-17	$16,4 \pm 0,07$

Тәжірибе жүргізу алдында 5-6 ай жасындағы қошқарлардың бақылау сойысының көрсеткіштері 1, 2 кестелерде көрсетілген. Кестеге қарасақ барлық топтағы жануарлар барлық көрсеткіштері бойынша тепе-тең таңдап алынған. Топтардағы сойыс алдындағы тірілей салмағы 28,6-дан 29,7кг, ұша шығымы 43,2-43,7 %, сойыс массасы 12,89-13,52 кг және сойыс шығымы 44,6-дан 45,5 % аралығында ауытқиды.

2-Кесте – Тәжірибе қою алдында 5-6 ай жасындағы қошқарлардың бақылау сойысының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	1	2	3	4	5
Сойыс алдындағы тірілей масса, кг	29,4 ± 0,02	29,7 ± 0,06	29,1 ± 0,12	28,6 ± 0,05	29,3 ± 0,21
Ұша массасы, кг	12,8 ± 0,01	13 ± 0,06	12,6 ± 0,02	12,4 ± 0,05	12,6 ± 0,01
Ұша шығымы, %	43,5	43,7	43,2	43,3	43,0
Ішкі майы, кг	0,5	0,52	0,5	0,49	0,5
Ішкі майы, %	1,7	1,8	1,8	1,3	1,7
Сойыс массасы, кг	13,3	13,52	13,10	12,89	13,10
Сойыс шығымы, %	45,2	45,5	45,0	44,6	44,7

Бордақылаудан соң 10-11 ай жасындағы қошқарлардың бақылау сойысы көрсеткіштері 3-ші кестеде көрсетілген. Кестеге қарасақ, Burdizzo қысқашымен перкутандық әдіспен кестірілген 3,4-ші топ қошқарларында ет өнімділігі бойынша толықтай артықшылығы бар, сәйкесінше, олардың сойыс алдындағы тірілей салмағы $37 \pm 0,16$, $36,8 \pm 0,06$ кг, ұша шығымы 46,7; 47,5 %, сойыс массасы 18,01-18,2 кг және сойыс шығымы 48,67ден 49,45% аралығында болды.

Ет өнімділігінің ең төменгі көрсеткіштеріне 2-ші топтың жануарлары ие болды, сәйкесінше, олардың сойыс алдындағы тірілей салмағы $33,2 \pm 0,18$ кг, ұша шығымы 46 және сойыс массасы – 15,97кг құрады.

3-Кесте – 10-11 ай жасындағы қошқарлардың бақылау сойысының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	1	2	3	4	5
Сойыс алдындағы тірілей масса, кг	34,6 ± 0,05	33,2 ± 0,18	37 ± 0,16	36,8 ± 0,06	35,1 ± 0,17
Ұша массасы, кг	15,9 ± 0,03	15,3 ± 0,07	17,3 ± 0,16	17,5 ± 0,06	16,4 ± 0,07
Ұша шығымы, %	45,9	46	46,7	47,5	46,7
Ішкі майы, кг	0,68	0,67	0,71	0,7	0,62
Ішкі майы, %	2,01	2,1	1,97	1,95	1,7
Сойыс массасы, кг	16,58	15,97	18,01	18,2	17,02
Сойыс шығымы, %	47,91	48,10	48,67	49,45	48,4

Осыған орай, Батыс Қазақстан облысындағы фермерлік шаруашылықтар үшін асыл тұқымдық құндылығы жоқ қошқарларды перкутандық тәсілдермен кестірудің қажеттілігі экономикалық мақсаттылық әсерінен туған, сондықтанда, бұл массалық операцияны жануарлардың өндірістік бағытын, олардың жасын және кестірудің тиімді әдісін есепке алып жүргізу жөнді.

Қорытындылай келе, бір жылдық жасына дейін уақытынан асып қалдырылған ақжайық етті-жүнді тұқымының қошқарларын 5-6 ай жасында жоспарлы асыл тұқымдық бонитировкадан кейін, ет өнімділігін жоғарлату үшін орташа көлемді Burdizzo қысқашымен перкутанды (қансыз) тәсілмен кестіру экономикалық тиімді.

Осыған байланысты, уақытынан асып қалдырылған ақжайық етті-жүнді қошқарларын перкутандық тәсілдермен кестірудің өзектілігіне сөз жоқ және де

жылдың күзгі мезгілдерінде әртүрлі жарақаттану түрлерінің алдын-алу шаралары ретінде Батыс Қазақстан облысындағы қой шаруашылығында зоотехния мен ветеринарлық хирургияның массалық шаралары арасында үлкен маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Литовченко, Г. Р. Овцеводство / Г. Р. Литовченко, П. А. Есаулов. – М: Колос, 1972. – Т. 1. – С. 166-180, 123-126.
2. Карабаев, Ж. А. Морфологический и сортовой состав туш трехпородных кроссбредных баранчиков / Ж. А. Карабаев. В кн.: Повышение шерстной и мясной продуктивности овец. – Алма-Ата : Кайнар, 1983, – С. 69-73.
3. Медеубеков, К. У. Интенсивное овцеводство / К. У. Медеубеков. – Алма-Ата: Кайнар, 1976. – С. 5-109, 42-54.
4. Мержинский, Е. Г. Рост и развитие кроссбредных овец в северном Казахстане / Е. Г. Мержинский. В кн.: Совершенствование племенных и продуктивных качеств сельскохозяйственных животных на Севере Казахстана. – Алма-Ата, 1985, – С. 126-139.
5. Ханин, М. А. Рациональный метод и возрастной срок кастрации баранчиков и бычков / М. А. Ханин, И. А. Тыныбеков // Мат. всесоюз. межвуз. конф. по вопросам ветеринарной хирургии. – Харьков, 1970. – С. 127-129.
6. Мосин, В. В. Результаты внедрения бескровного способа кастрации бычков и баранчиков в ветеринарную практику / В. В. Мосин, А. Н. Корнишин, И. А. Телятников, А. Б. Максим // Мат. всесоюз. межвуз. конф. по вопросам ветеринарной хирургии. – Харьков, 1970. – С. 126-127.
7. Кереев, А. К. Актуальность кастрации баранчиков акжаикской породы перкутаным методом / А. К. Кереев, А. К. Днекешев // Ғылым және білім. – 2007. – № 4 (9). – С. 35-38.